

Булаев ауданы Красное ауылының атауын Ноғайбай ауылы деп өзгерту туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты мен облыс әкімінің біріккен шешімі 2000 жылғы 23 тамыздағы N 5/3. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет басқармасында 2000.19.09. N 149 тіркелді

Ескерту. Тақырыпта және барлық мәтін бойынша "селосының" деген сөзі " ауылының" сөзіне ауыстырылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 19.04.2016 N 125 бірлескен қаулысымен және Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 19.04.2016 N 2/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, облыстық мәслихат және облыс әкімі **ШЕШТІ**:

1. Булаев ауданы Красное ауылының атауы Ноғайбай ауылы деп өзгертілсін.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінен Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Красное ауылының атауы Ноғайбай ауылы болып өзгертілуі туралы шешімнің бекітілуі сұралсын.

*Облыс әкімі
Сессия төрағасы*